

Әлемдік QS рейтингіне қатысу жұмыстары ұйымдастырылды

Дулати университеті проректорлары мен институт директоры/факультет декандарына 17 қазанда ректорат акт залында QS World University Rankings әлемдік рейтингі методологиясы жөнінде жиын өткізілді. Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму және интернационализация жөніндегі проректор Ш.Есимова және Аккредиттеу, рейтинг және сапаны қамтамасыз ету бөлімінің қызметкері М.Капарова әлемдік рейтингтегі Дулати университетінің позицияларын арттыру жөнінде баяндамалар жасады.

“QS World University Rankings” әлемдік рейтингке қатысу мақсатында, университет бұйрығымен әр факультеттен (институт) жауапты тұлғалар ретінде декан орынбасарлары тағайындалды.

Декан орынбасарлары және барлық кафедралардың жауапты тұлғаларына QS әлемдік рейтингі бағыты бойынша Академиялық және Жұмысберушілер репутациясын өлшейтін сыртқы эксперттер туралы түсіндіру жиыны ұйымдастырылды.

